

6B02301-АУДАРМА ІСІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ауызша және жазбаша аударма саласында кәсіби мамандарды даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Халықаралық байланыстарды және жаһандану процестерін дамыту, экономикалық өсім, инвестициялық жобаларды ұлғайту, халықаралық компаниялардың ашылуы, экономика, бизнес, мәдениет, IT технологиялардың дамуы мәдениетаралық қарым-қатынасты жандандыруға алып келеді. Осыған байланысты аудармашы мамандығының танымалдығы артып келеді. Қазіргі қоғамда бір жағынан ағылшын тілінің рөлі артса, ал екінші жағынан біздің елімізде аудармашы мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Мұның бәрі Қазақстанның еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті кәсіби аудармашыларды даярлау қажеттілігін тудырады.

Нарықтың қажеттілігі. Жыл сайын аудармашы мамандарға деген қажеттілік 30% - ға артып келеді. Арнайы сала бойынша аударма мамандарына деген сұраныс 10%-дан 40% артты. Сондықтан аудармашы-референттерді, гид-аудармашыларды және жазбаша және ауызша аудармаларды жүзеге асыратын мамандарды қалыптастыру маңызды. Өз ұйымының игілігі үшін еңбек етуге жоғары білікті, бәсекеге қабілетті жазбаша және ауызша аударма жасайтын мамандар нарық талаптарына сай келеді. Сондықтан жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау өте өзекті.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Катовицадағы Силезия университеті, Польша
Қосдипломды бағдарлама	Катовицадағы Силезия университеті, Польша
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Гид-аудармашы

Қосымша оқыту нәтижелері. ҚазҰҚПУ-дың студенттерінің оқу барысында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға немесе олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қосымша құзыреттіліктерді алуға мүмкіндігі бар. Осы мақсатта студенттерге таңдау үшін Minor бағдарламаларының бірі ұсынылады.

Minor "Гид-аудармашы" бағдарламасы студенттерге туризм саласында қосымша білім түрін ұсынады. Студенттер экскурсия, туризмді ұйымдастыру, дамыту және география саласындағы білім алады. Курсты аяқтағаннан кейін олар шетел тілінде, өздері маманданған елдің немесе өңірдің мәдениетін, дәстүрін және өмір салтын меңгереді.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Катовицадағы Силезия университеті, Польша-20%, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті-60%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

1) аудармашылық (әртүрлі жанрдағы мәтіндер мен құжаттардың жазбаша аудармасы, келіссөздердің, халықаралық кездесулердің, конференциялардың ауызша аудармасы);

2) ұйымдастырушылық (әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, кәсіби және қоғамдық ұйымдар құру);

3) өндірістік-басқарушылық (отандық, шетелдік және бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдардың тиісті бөлімшелерінде басқару және/немесе кәсіби міндеттерді орындау (аударманың әр түрлі түрлерін жасау);

4) ғылыми-зерттеушілік (практикалық материалдарды жинау және өңдеу, аударма ісі және мәдениетаралық коммуникация мәселелері бойынша баяндамалар мен мақалалар, дипломдық жобалар дайындау).

Түлектердің кәсіби қызметінің объектілері: халықаралық ұйымдар, түрлі ақпараттық-талдау қызметтері, елшіліктер мен өкілдіктер, министрліктер, туристік агенттіктер, баспалар, аударма бюролары және шет тілдері мен аударма технологияларын меңгерген маманның кәсіби білімін талап ететін басқа да ұйымдар мен кәсіпорындар.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

Кәсіби құзыреттілік бағыттары 1

Аудармашылық

- Өзінің кәсіби, ғылыми-зерттеу және ғылыми-ізденушілік қызметін, сондай-ақ ұжым қызметін ұйымдастыру және жоспарлау қабілеті.

- Өндірістік және аудармашылық қызметі барысында шығармашылық мәселелерді шешуде пәндік білімдерін пайдалана білу.

- Аудармашылық қызметі барысында ғылыми-техникалық, жаратылыстану-ғылыми және жалпы ғылыми ақпаратты табу, талдау және өңдеу қабілеті.

Кәсіби құзыреттілік бағыттары 2

Өндірістік-басқарушылық

- Өртүрлі ресми іс-шаралар, конференциялар, іскерлік кездесулер кезінде жазбаша және ауызша аударманы ұйымдастыра білу қабілеті.

- Сыни тұрғыдан ойлау, сын білдіру және өзіндік сын қабілеті.

- Топ құрамында ғылыми-зерттеу және ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізе білу.

- Пәнаралық топта жұмыс істей білу, басқа пәндік саладағы сарапшылармен өзара әрекеттесу қабілеті.

Кәсіби құзыреттіліктің бағыттары 3

Мәдениетаралық

- Тіларалық қарым-қатынаста аударма мәселелерін шеше білу;

- Тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі түрлерінде делдалдық қабілеті;

- Оқытылатын шетел тілі мен мәдениетінің мәселелерін сыни тұрғыдан талдай білу

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 - Шетел тілінің грамматика, фонетика және лексикология ережелерін, сонымен қатар тіл теориясының негіздерін іс жүзінде қолданады;

ОН 5 - Ресми және бейресми қарым-қатынас жағдайында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қолданады;

ОН 6 - Аударма және мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасын біледі;

ОН 7 - Бастапқы мәтінді сегменттеу және трансформация әдістері, аударманы жазу техникасы ретінде аударманың әртүрлі әдістері мен амалдарын анықтайды және қолданады; мәтіндік редактор-аудармашылардың бағдарламаларын, электронды және терминологиялық сөздіктерді пайдалану.

ОН 8 - Аударма техникасын таңдау кезінде ағылшын тілді елдердің мәдени және әдеби ерекшеліктерін біледі және қолданады.

ОН 9 - Сыни бағалау негізінде мәтіндерді аудару барысында шығармашылық тәсілді пайдаланады;

ОН 10 - Тұлғалық қасиеттер мен сөйлеу мәдениетін меңгереді, кәсіби этика негіздерін және сөйлеу мәдениетін әртүрлі салаларда қолданып, аудармашының кәсіби қызметінде негізгі ұғымдар мен коммуникативті-прагматикалық стратегияларды тұжырымдайды.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1						+				
ТА 2		+								
ТА 3			+	+	+		+			
ТА 4									+	
ТА 5								+		
ТА 6	+									+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы), ҚР БҒМ, Ұлттық біліктілік шеңбері хаттамасымен бекітілген министрліктің өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 28916, 27 шілде 2022 жылы тіркелді;

3. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2021 жылғы 26 қаңтардағы №14 бұйрығымен бекітілген «Аударма ісі» кәсіптік стандарты, Аударма саласындағы салалық біліктілік аясында (26.01.2021 ж.).